

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҒБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№14 (1332) | 1954 жылғы 19 январь Сейсенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Қысқы агротехникалық шаралар толық жүзеге асырылсын

Кәсір облысымыздың колхоздары мен МТС-терінің алдына 1954 жылы барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын бұрынғыдан да арттыра түсу міндеті қойылып отыр. Егіннің өнімділігін арттыра беру үшін қысқы маусымда тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын сапалы және тез жөндеудің жоғары сапалы тұқым өзірлеудің маңызы қандай зор болса, егістік алаңдарға қарды қалың тоқтатудың, жергілікті және минералдық тыңайтқыштарды мол дайындаудың, оны жер тыңайтуға шебер қолданудың да маңызы сондай зор. Мұны облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоздары өздерінің көп жылғы тәжірибелерінде талай рет дәлелдеді.

Алайда, үстіміздегі қыста егіс алаңдарына қар тоқтату жұмысы көптеген колхоздарда өте-өте қанағаттанғысыз жүргізіліп келеді. Бұл жұмысты ойдағыдай ұйымдастыруға МТС басшылары және колхоз басқармалары жете көңіл аудармай отыр. Мәселен, Преснов ауданындағы Никольская МТС-нің қамтуындағы колхоздарда жоспар бойынша 5 мың гектар егістік алаңға қар тоқтату керек болса, бұдан осы уақытқа дейін бірде-бір гектар жерге қар тоқтатылмаған. Соколов ауданындағы Налобин МТС-нің қамтуындағы колхоздарда да іетің жайы осындай. Егістік алаңдарға қарды мол тоқтатудың агротехникалық зор маңызы бар екені аталған МТС-тер мен ол МТС-тердің қамтуындағы колхоздардың басшыларына әбден түсінікті. Бірақ, амаң не, олар бұл жөніндегі күндік және бескүндік тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз ете алмай келеді.

Қар тоқтату жұмысының барысы Конысхөв, Петропавл және Ленин аудандарының колхоздарында да нашар жүргізілуде. Бұл аудандарда егіс алаңдарына қар тоқтатудың белгіленген жоспары осы күнге дейін небары 4,2—17 процент ғана орындалған.

Соңғы жылдарда егіс алаңдарына қар тоқтату жұмысын алдыңғы қатарлы МТС-тер техника күшімен жүргізуді кеңінен қолданып жүр. Бұл сыяқты озат әдісі біздің бұл жылы Булаев, Куйбышев атындағы, Чапаев атындағы, Байн, Соколов, Совет МТС-тері кеңінен қолданып келеді. Қар тоқтату жұмысын техника күшімен жүргізу еңбек өнімділігін арттырумен бірге, жұмыстың сапалы болатындығын

саңырағы және күл жыйнау жұмысы баяу жүргізіліп келеді. Суворов атындағы, Куйбышев атындағы, Коновалов, Семиполка, Асанов, Приешім, Шағлы МТС-терінің қамтуындағы колхоздарда жергілікті тыңайтқыштарды дайындау жөніндегі тапсырмалар 0,3—3,5 процент-ақ орындалды. Ал, Торанғұл, Воропиллов атындағы, Образцовая, Пушкин атындағы және Налобин МТС-терінің қамтуындағы колхоздар осы уақытқа дейін жергілікті тыңайтқыштарды жыйнау жұмысына кіріспеген де. Бұл МТС-тердің агрономдары колхоздарда өте сирек болады. Соның өзінде, қысқы агротехникалық шаралардың жүргізілуін ұйымдастыруға жеткілікті көңіл бөлмейді. Ал, МТС директорлары агрономдардың өз участоктерінде қысқы агротехникалық шаралардың мүлтіксіз жүзеге асырылуына күнбе-күн басшылық жасап отыруларын талап етпейді.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысы жергілікті тыңайтқыштар дайындауды және қолдануды бұрынғыдан да жақсартуды талап етті. Олай болса, ауылшаруашылық органдары жергілікті тыңайтқыштарды дайындау жөніндегі орын алып келген кемшіліктерді дереу жоюдың және бұл жұмыстарды шұғыл жақсартудың нақтылы шараларын белгілеп, оны жүзеге асыруды қамтамасыз етуге тиіс.

МТС-тердің агрономдары колхоздарда үнемі болып, егіс алаңдарына қар тоқтату және жергілікті тыңайтқыштарды дайындау жұмыстарына күнбе-күн басшылық етіп, ұйымдастырып отыруға міндетті. Олар қар тоқтату жөнінде қалқандар жасау және оларды егіс алаңдарына орналастыру әдістерін, сол сыяқты, қардан аққала соғу, трактормен жүргізілетін қар жыртқыштарды пайдалану әдістерін, колхозшыларға үйретіп отырулары керек. Сонымен бірге, егіс алаңдарына ерте қойылып қар ұстаған қалқандарды көтеріп қайта қоюды, олардың орнын ауыстыруды ұйымдастыру қажет.

МТС директорлары колхоздарда қар тоқтату жұмысына тракторлар жіберумен бірге, оларды жұмысқа өнімді пайдалануды, сөйтіп, қар тоқтату жоспарының әрбір колхоздарда толық орындалуын қамтамасыз етуді ұйымдастырулары керек. Қар тоқтату жұмысын ұйымдастыруда және жүргізуде тек техника күшіне сеніп отырмай, колхоз басшылары бұл жұмыс-

ССРО Жоғарғы Советі Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін Республикалық сайлау комиссиясының құрамына кандидаттар ұсыну

★
Қазақстанның Коммунистік партия ұйымынан
М. Ә. СУЖИКОВ жолдастың кандидатурасы
ұсынылды

Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бюросы ССРО Жоғарғы Советі Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін республикалық сайлау комиссиясының құрамына кандидат ұсыну мәселесін талқылады.

Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бюросы ССРО Жоғарғы

Еңбекшілер коллективтерінің республикалық сайлау комиссиясының құрамына кандидаттар ұсынуға арналған жыйналыстары

Республикада еңбекшілер коллективінің ССРО Жоғарғы Советі Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін республикалық сайлау комиссиясының құрамына кандидаттар ұсынуға арналған жыйналыстары өтуде.

«ССРО Жоғарғы Советінің сайлау туралы Ереженің» 40-статьясына сәйкес Қазақстан Совет жазушылар Одағы президиумы республикалық сайлау комиссиясының құрамына қазақтың белгілі жазушысы Рабиден Мұстафиннің кандидатурасын ұсынды. Қазақтың академиялық драма театры коллективінің жалпы жыйналысы Қазақ ССР халық артисі Валентина Борисовна Харламованы кандидат етіп ұсынуға қаулы алды. Қазақ ССР Ғылым академиясы геология ғылымдары институтының коллективі — геолого-минералогия ғылымдарының докторы Уфа Мендібайұлы Ахмедсафинді, Қазақтың ауылшаруашылық

институтының коллективі — жеміс өсіру кафедрасының меңгерушісі, ауылшаруашылық ғылымдарының докторы Александр Петрович Драгавцевті, «Қарағанды» комбинаты «Ленинголь» тресі № 17-бис шахталарының коллективі — комбайшының көмекшісі Түсін Садуақасовты, Түркістан-Сибирь темір жолы Мағай паровоз депосының коллективі — паровоз машинисі Есей Қасановты, Алматы облысы, Алматы ауданы, Молотов атындағы ауылшаруашылық артелінің колхозшылары — сауыншы Шалуп Бекешованы ұсынды.

Республикалық сайлау комиссиясының құрамына басқа да кәсіпорындары мен мекемелердің, ғылыми-зерттеу институттары, жоғары оқу орындары, республикамыздың МТС, колхоздарының еңбекшілер коллективтері өздерінің өкілдерін ұсынуға.

Украин ССР Жоғарғы Советінің Президиумында

БНЕВ, 17 январь. (СОТА). Кеше Украин ССР Жоғарғы Советінің Президиумы тарихи оқиға — Украинаның Россияға қайта қосылуының 300 жылдығын атап өту үшін және көрнекті мемлекет қайраткері, қолбасшы Богдан Хмельницкийдің

украин және орыс халықтарының алдындағы еңбегі ескеріліп, Проскуров қаласы Хмельницкий қаласы, ақ, Каменец-Подольск облысы — Хмельницкий облысы болып аталсын, деп Указ қабылдады.

Украинаның Россияға қайта қосылуының 300 жылдығын мерекелеуге әзірлену және оны

Қысқы агротехникалық шаралардың ойдағыдай жүзеге асырылуы барлық егіс көлемінен тұрақты және мол өнім алудың кепілі болып табылады. Олай болса, барлық колхоздар мен совхоздарда қысқы агротехникалық шаралардың қалтқысыз орындалуын қамтамасыз ету керек.

Көктемгі егіске тыңғылықты әзірлену — аса маңызды міндет

Төзгісіз баяулық

Өткен жылы Чистян МТС-нің қамтуындағы колхоздарда жазғы дала жұмыстары мүлде қанағаттанғысыз жүргізілді. Көктемгі егіс өте ұзаққа созылды. Пар мен зябь жырту да тиісті дәрежеде болмады. Тракторлардың техникалық жарамсыздықтан тоқтап тұрулары жиі кездесті. Жанар және жағар майлар нормадан артық жұмсалды. Мұның барлығы МТС бойынша тракторлар мен істелетін жұмыстардың жылдық жоспарының орындалмауына әкеліп соқты. Жоғарыда аталған кемшіліктердің басты себебі — тракторлардың көп, әрі сапасыз жөндеуінен екенін атап айтуымыз керек.

Бұл кемшіліктерден МТС басшылары тиісті қорытынды шығарып, быйғы істі жақсартудың нақтылы шараларын қолданулары керек еді. Бірақ, олар мұны істемеді. МТС тракторларды күзгі қысқы жөндеуге жеткілікті әзірліксіз кіресті. Ақырында, трактор жөндеудің 1953 жылғы төртінші тоқсандық тапсырмасы толық орындалмай қалды. Мәселен, төртінші тоқсанда жоспар бойынша 27 трактор жөндеуге тиісті болса, оның 17-сі ғана жөндеді.

Мұның себебі неде? Ол, алдымен жөндеушілер арасында еңбек тәртібінің дұрыс ұйымдастырылмауында. Әрбір жөндеушіге күнбе-күн тапсырмалар берілмейді. Жұмыстың орындалуына МТС басшылары тарапынан бақылау жасалмайды. Жөндеушілердің көпшілігі уақыттары босқа өткізеді. Сондықтан сменалық тапсырмалар үнемі орындалмай қалады. МТС-тің бас инженері Короньков жолдас бұл жұмысқа нашар басшылық жасап, оған жете назар аудармай келеді.

МТС-те бірнеше торап ұйымдастырылған болатын. Бірақ, ол тораптар қағаз жүзінде, формальді түрде ғана бар. Өндіріске еңбектің істе сыналған, ең озат әдісі, — тораптық әдіс, толық енгізілмей отыр.

Мастерскойлар керекті құрал-сайман, қосалқы бөлшектермен қамтамасыз етілмеген. Слесарь Киселев жолдаспен әңгімелескенімізде ол былай деді: «Мастерскойда әрбір бөлшекті жөндейтін арнаулы құрал болу керек, ал ол бізде жоқ. Сондықтан да бір-сағаттық жұмыс 2—3 сағатқа, кейде одан да артық уақытқа созылады». Шынында да МТС мастерскойлары арнаулы құрал-саймандарға өте тапшы болып отыр. Осы себептермен мастерскойда «ДТ—54» тракторы екі ай бойы жөнделместен тұр.

жөндеу цехында 5 трактордың жөндеуден өтпей тұрғанына айдан астам уақыт өтті. Мұның себебі — жөндеушілер арасында еңбек ұйымдастыру ісі нашар. Жөндеушілер, ең алдымен цех бригадирі Шнайдер жолдастың өзі түрлі сылтаулармен жұмыстан қол үзіп, кейбір күндері бетімен кетіп қалатындығын жасыруға болмайды.

Электр қуатымен балқыту цехындағы жағдай осы айтқанымыздай. Мұндай адамдарға күнде ілік тапсырмалар берілмегендіктен жұмыс уақыты босқа өтіп жүр. Мәселен, электрмен балқытушы Терещев жолдастың күнделік жұмыс көрсеткіші үнемі 50—60 проценттен аспайды.

МТС басқа жерден универсалды токарь станогін алған еді. Бұл станокпен атқарылатын жұмыстар өте көп. Соған қарамастан, станок әлі күнге дейін іске қосылмай тұр. Станокті пайдалануды МТС басшылары ойламайды да.

Жөндеушілер арасында алдыңғы қатарлылар жоқ емес. Бірақ, озаттардың іс тәжірибелері қолдау таппайды, көпшіліктің игілігіне айналдырылмайды. Мәселен, ұста Самойленко, слесарь Котвицкий, токарь Васильев жолдасар жөндеу жұмысы басталғалы күнделік тапсырмаларын үнемі асыра орындап жүр. Амаң не, бұлардың жұмыс әдістерін басқа механизаторларға таратушы адам жоқ.

Ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жұмысының барысы да қанағаттанғысыз. Әсіресе, плугтер мен шөп шабатын машиналарды жөндеу ісі өте-өте баяу жүргізілуде.

МТС директоры Белоусов жолдас тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеудегі кемшіліктерді батыл жоюдың шараларын қолдану орнына, төзгісіз жағдайға төзімділік жасап отыр. Ол жөндеушілердің мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсарту жөніндегі жұмыстарға да мән бермей келеді.

МТС басшыларының ендігі міндеті — аталған кемшіліктерді тез арада жою, жөндеушілер арасында еңбек ұйымдастыру ісін батыл жақсарту, сөйтіп, жөндеу жұмысына жаңаша қарқын турғыз. Кәзір МТС-те бұған керекті мүмкіншіліктердің барлығы да бар. Міндет — сол мүмкіншіліктерді орынды пайдалана білуде. СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы МТС-терді ауыл шаруашылығын өркендетудегі шешуші күш есебінде ерекше бағалады. Олай болса, МТС басшылары өз жұмыстарын Пленум қойған талаптарға

Узақ уақыт бойы Украин жерлерінің едәуір бөлігі Шығыс Европада реакцияның тірегі болған поляк шляхтасының таптауында болды. Украинаның еңбекшілері екі жақтан бірдей — әрі поляк, әрі украин феодалдарының тарапынан қатты азап шекті. Ватикан мен иезуиттердің жәрдеміне сүйене отырып, поляк феодалдары католизмді күшінен орнатты отырды, шіркеу ұниясын енгізіп отырды, украин халқын зорлықпен поляктандыруға, украин туған тілі мен мәдениетін пайдалану правосынан айыруға, оның туысқан орыс халқымен байланыстарын бұзуға тырысты. Осының бәрі Украинаның экономикалық, саяси және мәдениет жағынан өркендеуін бөгеді, ол былай тұрсын украин халқының өмір сүруінің өзін қатер тұтыды.

Ауыр сындарға толы осы жылдарда украин халқы орыс халқымен бірлесуге бар күшін салып ұмтылды, орыс халқымен экономикалық және мәдениет байланыстарды қолдап, үсті-үстіне күшейтін отырды. Езушілерге қарсы қасиетті күреске сан рет аттанды және бұл күресте арқашан орыс халқының тарапынан туысқандық жәрдем алып отырды.

Россиямен қайта қосылу идеясы Украинаның халық бұқарасын XVII ғасырдың бірінші жартысында, олардың поляк шляхтасының езушілігі мен зорлығына қарсы күресі мейлінше өрлеген кезде, әсіресе, мықтап меңгерді. Ұлы орыс халқымен қайта қосылуды және онымен туысқандық одақ жасасуды украин халқы өзін құтқару жолы деп білді.

1648—1654 жылдардағы халық-азаттық соғысы Украинаның тарихында ең айқын беттердің бірі болды. Бұл — шетел езушілігін жою және туысқан орыс халқымен қайта қосылу мақсатын көздеген әділетті соғыс болды. Көрнекті мемлекет қайраткері және қолбасшы Богдан Хмельницкий мен оның ең жақын серіктері Максим Кривонос, Иван Богун, Данила Нечай және басқалары, поляк шляхтасына қарсы өрістетілген халық азаттығы күресінің басшылығында болып, украин халқының орыс халқымен тығыз одақ жасауға ғасырлар бойы ұмтылған тілегін білдірді, Украинаны Россиямен қайта қосу бағытын дәйекті түрде жүргізіп отырды.

Украин халқының тарихында прогресшіл роль атқарған запорожьелік сечыгь қарулы көтеріліс туы көтерілді. Көтерілісшілерге мыңдаған шаруалар, казактар, қала халқы қосылды. Поляк шляхтасы басқыншыларына қарсы соғыс бүкілхалықтық соғысқа айналды. Бұл соғыста басты және шешуші күш шаруалар болды.

Польшасының ауыр езушілігін, сұлтандық Түркия мен Қырым хандарының қарақшылық шабуылдарын еске салу және Радаға қатынасшыларды Украинаны Россиямен қайта қосу туралы қаулы аауға шақырды.

Переяслав Радасы бүкіл халықтың тілегін білдіре отырып, Украинаны Россиямен қайта қосуға еркін, бірауыздан және үлкен ынта-жігермен ұйғарды, украиндар мұны ғасырлар бойы арман еткен еді және осы үшін күрескен еді. Сөйтіп, украин халқы орыс халқымен тарихи қалыптасқан тығыз және үздіксіз байланысын баянды етті және өзін поляхта Польшасының құлы етуінен, сұлтандық Түркияның жұтып жіберуінен құтқарып қалды.

Украинаның Россиямен қайта қосылуының украин және орыс халықтарының онан әрі саяси, экономикалық және мәдени жағынан өркендеуі үшін зор прогрестік маңызы болды, сонымен қабат, олардың мәдениет жағынан өзара байланыс орнатуына көмектесті.

Украин халқының орыс халқымен айырылмас достығы туысқан екі халықтың аса зор тарихи жеңісі болды. Екі ұлы славян халқының — орыс халқы мен

және қанталайыстарға қарсы революциялық күрестен басқа жаққа аударуға әрекет жасады. Украин халқы арқашан халықтардың лениндік-сталиндік достығынан айнымай келгендігі, ұлы орыс халқымен, орыс жұмысшы табымен үздіксіз туысқандық байланыста болғандығы — украин халқының ұлттық мақтанышы болып табылады.

Өзінің сәулетті болашақ жолындағы түресінде украин халқы мәңгі өшпес Лениннің мына сөздерін арқашан есінде сақтап келді: «Великорус және украин пролетарлары бірігіп қыймыл жасаса азат Украинаның болуы мүмкін, мұндай бірлік болмайынша азат Украина туралы сөз болуы да мүмкін емес». (Шығармалар, 20 том, қазақша 16-беті).

Украинада Совет өкметінің жеңуі жолындағы күрес өте-өте шиеленіскен сыйпатта болды. Ұлы Коммунистік партияның даншынандық басшылығы арқасында украин халқы Россияның барлық халықтарының, ең алдымен, туысқан орыс халқының көмегімен өзінің жерін, өзінің бостандығын, өзінің ұлттық және мемлекеттік тәуелсіздігін қорғап қалды және коммунизм орнату жолына түсті.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін украин және орыс халықтарының арасында, сол сыяқты, барлық совет халықтары арасында достық жаңа социалистік негізде нығайып, дамып бастады. Бұл — коммунистік қоғам

1952 жылы Украинаның ірі өнеркәсібі өнімді революциядан бұрынғы Украинаның өнеркәсібінен 17 есе артық шығарды; электр қуатының өндірілуі 37 еседен аса ұлғайтылды; металл өңдеу өнеркәсібінің өнімі 69 еседей өсті; көмір өндіру — 4 еседен аса, шойын балқытуды — 4,5 есе, болат балқытуды — бес еседей арттырды.

Советтік Украина еңбекшілерінің табысы — партияның басшылығымен лениндік туы астында ұлы мақсатқа — коммунизмге қарай келе жатқан барлық совет халықтарының табысы.

Біздің елімізде ең ірі, механикаландырылған социалистік ауыл шаруашылығы құрылды, ол өзінің ұсақ товарлы шаруалар шаруашылығынан ғана емес, ірі капиталистік ауылшаруашылық өндірісінен де шешуші артықшылықтарын дәлелдеді.

Советтік Украина басқа совет республикаларымен қатар алдыңғы қатарлы социалистік егіншілік республикасына, Совет Одағының астықты көп беретін республикасының біріне айналды. Қазіргі уақытта республиканың егін даласында 15 атық күші бар трактор есебінен алғанда 182 мың трактор жұмыс істейді, мұның өзі соғыстан бұрынғы уақыттарыдан 69 процент артық, 51 мың астық комбайны жұмыс істейді, бұл — соғыстан

жұмысын біріктіріп отыр. Академияда тарих, философия, әдебиет, тіл білімі, экономика - физика, химия, геология, ботаника, биология, техниканың әртүрлі салалары, ауылшаруашылық ғылымының салалары кеңінен зерттелуде. Академияның көп ғылыми мекемелері өздерінің еңбектерімен жалпы жұртқа мәлім болды. Республикада Архитектура академиясы және көптеген басқа ғылыми-зерттеу орындары жұмыс істейді.

Ғылымды және жоғары білімді дамытуда Украинаға орыс ғалымдары үлкен көмек көрсетті. Соңғы уақыттың ішінде ғана Москва мен Ленинградтың ғылыми мекемелері Украинада 40 доктор және көптеген ғылым кандидаттарын даярлады, мұның өзі жергілікті ұлттық ғалымдар кадрларының өсуіне себеп болды. Жұмысшы табының, колхозшы шаруалардың және қызметшілердің қатарынан ұлттық интеллигенцияның зор армиясының даярланып шығарылуы лениндік-сталиндік ұлт саясатының аса зор жеңісін, біздің еліміздің халықтарының барған сайын нығайып-күшейіп отырған достығының өмірге бейім күшінің, украин халқының рухани күштерінің үздіксіз өсуінің нәтижесі болып табылады.

Украинада ондаған мың мәдени-ағарту орындары, клубтар, кітапханалар, мәдениет сарайлары жұмыс істейді. Украин әдебиетінің, театрының, музыкасының табыстары едәуір зор. Украин мәдениетінің көп қайраткерлері Сталиндік сыйлықтың лауреаттары деген зор атақ алды.

барлық жауларына, әсіресе, украин халқының ең қас жаулары болып табылатын украин буржуазиялық ұлтшылдарына өшпенділік рухында қажымай тәрбиеленіп отыр және бұдан былай да тәрбиеленемекші.

Біздің көп ұлтты совет мемлекетінің барлық ұлттарының арасындағы жетекші ұлт — ұлы орыс халқымен достық коммунизм жолымен жеңімпаздықпен алға басудың шарты. Украин халқы буржуазиялық ұлтшылдықтың барлық белгілеріне қарсы, біздің тұрмысымыздың негіздерінің негізі — украин халқының орыс халқымен және ұлы Отанымыздағы барлық халықтармен достығына қол сұғуға тырысатындардың бәрине қарсы арқашан күрес жүргізіп келді және бұдан былай да күрес жүргізбекші.

Украин халқының табыстары және сәулетті болашағы барлық совет халықтарымен ұлы және мызғымас достық жағдайында ғана мүмкін екендігіне украин халқының берік көзі жетеді. Совет халықтарының бірлігіне және өзінің көсемі — Совет Одағы Коммунистік партиясының төңірегіне топтасқандығына кедергі боларлықтай күш дүниеде жоқ.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

Киноларды

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ДУНАЙ СЫРТЫНДАҒЫ
ЗАПАРОВЬЕ»

Сеанс сағат 4,30-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЖАСАУЛЫ ТОЙ»

Сеанстар сағат 4-6,20-8,40-10,40-та басталады.

Петропавл қаласы, Дзержинский көшесі, 105-үйде тұрушы нағима Мұхтарова, Зейнет Мұхтаровтан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласында, облыстық сотта қаралады.

Петропавл қаласы, Базарбаев көшесі, 69-үйде тұрушы Анна Ивановна Кремлева, Петр Иванович Кремлевтан айырытындығы жөнінде арыз берді.

Іс Солтүстік Қазақстан облыстық халық сотында қаралады.



СУРЕТТЕ: 1. Богдан Хмельницкий атындағы артельдің қарт колхозшысы **Н. И. Гамаль** Москва түбіндегі колхозшылар делегациясының басшысы **М. В. Шульгинге** нан-тұз тапсырып тұр.
2. Киевтің бас көшесі **Крещатиктің** жерінісі.



(СОТА-ның фотохроникасы).

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.